

Тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы

Ұлытау облысы Жезқазған қалалық мәслихатының 2025 жылғы 15 сәуірдегі № 32/182 шешімі. Ұлытау облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 21 сәуірде № 189-20 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 14-1-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 417 "Тұрғын үй сертификаттарын беру қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18883 болып тіркелген) сәйкес, Жезқазған қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Тұрғын үй сертификаттарының мөлшері осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес айқындалсын.
2. Тұрғын үй сертификаттарының алушылар санаттарының тізбесі осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес айқындалсын.
3. Осы шешімнің 3-қосымшасына сәйкес Жезқазған қалалық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.
4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жезқазған қалалық мәслихатының төрағасы

Р. Капарова

Жезқазған қалалық мәслихатының
2025 жылғы 15 сәуірдегі
№ №32/182
шешіміне 1- қосымша

Тұрғын үй сертификаттарының мөлшері

1. Қарыз сомасынан 10 %, алайда әлеуметтік көмек түрі ретінде 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңгеден артық емес.
2. Қарыз сомасынан 10 %, алайда әлеуметтік қолдау түрі ретінде 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңгеден артық емес.

Жезқазған қалалық мәслихатының
2025 жылғы 15 сәуірдегі
№ №32/182
шешіміне 2-қосымша

Тұрғын үй сертификаттарының алушылар санаттарының тізбесі

| № | Атауы |
|---|-------|
| | |

| | |
|----|---|
| 1 | Жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер |
| 2 | Басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері |
| 3 | Бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар |
| 4 | Мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар |
| 5 | Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітетін аурулар тізімінде аталған кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын адамдар |
| 6 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 7 | Кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар жатады. Мұндай адамдардың жасы әскери қызметке шақырылған кезде мерзімді әскери қызметтен өту мерзіміне ұзартылады |
| 8 | Қандастар |
| 9 | Экологиялық зілзалалар, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан тұрғын үйінен айырылған адамдар |
| 10 | "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана данқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар |
| 11 | Мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерін, әскери қызметін орындау кезінде, ғарыш кеңістігіне ұшуды дайындау немесе жүзеге асыру кезінде, адам өмірін құтқару кезінде, құқық тәртібін қорғау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) адамдардың отбасылары |
| 12 | Толық емес отбасылар |
| 13 | Асырауында кәмелетке толмаған балалары және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын, бірақ жиырма үш жасқа толмаған балалары бар жесір әйелдер (тұл ер адамдар) |
| | Еңбек және жұмыспен қамту статистикасы бойынша статистикалық байқауларды талдау негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 20 мамырдағы № 161 бұйрығымен бекітілген Еңбек ресурстарын болжаудың ұлттық жүйесін қалыптастыру және оның нәтижелерін пайдалану қа |

ғидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32546 болып тіркелген) сәйкес құрылатын еңбек ресурстарының болжамы есепке алумен, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт саласындағы және өзге де салаларындағы бюджеттік ұйымдарының қажетті мамандары

Жезқазған қалалық мәслихатының
2025 жылғы 15 сәуірдегі
№ №32/182
шешіміне 3-қосымша

Жезқазған қалалық мәслихатының кейбір күші жойылған шешімдерінің тізбесі

1. Жезқазған қалалық мәслихатының "Тұрғын үй сертификаттарының мөлшерін және алушылар санатының тізбесін айқындау туралы" 2021 жылғы 5 сәуірдегі № 5/45 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6302 болып тіркелген).

2. Жезқазған қалалық мәслихатының "Жезқазған қалалық мәслихатының 2021 жылғы 5 сәуірдегі № 5/45 "Тұрғын үй сертификаттарының мөлшерін және алушылар санатының тізбесін айқындау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2022 жылғы 19 сәуірдегі № 19/158 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27711 болып тіркелген).

3. Жезқазған қалалық мәслихатының "Жезқазған қалалық мәслихатының 2021 жылғы 5 сәуірдегі № 5/45 "Тұрғын үй сертификаттарының мөлшерін және алушылар санатының тізбесін айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2024 жылғы 5 тамыздағы № 20/120 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 140-20 болып тіркелген).